

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШУЛАР

- Конго өзенінің сағасы мен Әулие Мария мүйісін ашқан теңізші кім?
А) Б.Диаш В) Д.Кан С) Ф.Магеллан
- 1488 жылы португалдық теңізші Б.Диаш ашқан бұл мүйіс алғашында Бурь мүйісі деп аталған еді. Қазір ол мүйіс қалай аталады?
А) Игольный мүйісі В) Лопес мүйісі С) Мейірімді Надежда мүйісі
- 1494 жылы қол қойылған, Испания мен Португалия арасындағы жаңадан ашылған жерлерді бөлу туралы келісім қалай аталды?
А) Тордесильяс келісімі В) Мадрид келісімі С) Бадахос бейбіт келісімі
- Х.Колумб ашқан бұл аралды теңізші Эспаньола деп атады. Бұл қай арал?
А) Гаити В) Куба С) Тринидад
- Х.Колумбтың алғашқы экспедициясы кезінде ашылған аралдар.
А) Багам В) Фолкленд С) Гавай
- 1497 жылы жазда Васко да Гаманың флотилиясы Үндістанға жасаған алғашқы саяхатын қандай өзеннің сағасынан бастады?
А) Тежу В) Гвадалквивир С) Эбро
- Португалдық теңізші П.А.Кабрал қандай мемлекеттің аумағын Шынайы Крест Жері деп атаған?
А) Бразилия В) Мадагаскар С) Кабо-Верде
- 1519 жылы жер шарын айналып шығуға аттанған экспедицияға кім жетекшілік етті?
А) Х.Колумб В) Б.Диаш С) Ф.Магеллан
- 1535 жылы перуандық Лима қаласының негізін қалаған кім?
А) Э.Кортес В) Х.Колумб С) Ф.Писарро
- Пуэрто-Рико губернаторы Х.Понсе де Леон қандай ағысты суреттеді?
А) Гольфстрим В) Куро-Сио С) Бразилия
- «Лузиадалар» поэмасында Васко да Гаманың кемелері Португалия короліне не апара жатты?
А) тұтқындарды В) қазына С) атақ, лауазым
- Жаңа Гвинея мен Австралияны бөліп тұрған бұғаз қандай теңізшінің атымен аталған?
А) Ф.Магеллан В) Л.В. де Торрес С) Б.Диаш
- Х.Колумбтың табыты қай қаланың кафедралды соборында тұр?
А) Барселона В) Лиссабон С) Севиль
- Қай үнді штатының аумағы ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін Португалияның құрамында болды?
А) Орисса В) Гоа С) Ассам
- 1415 жылы португалдықтардың африканың қай қаласын басып алуы еуропалық отаршылдықтың басы деп саналады?
А) Танжер В) Сеута С) Тунис

ӨНЕР

- Дон Кихот ойдан шығарған король Пентаполиниң әскері шындығында не болып шықты?
А) бір отар қой В) жел диірмен С) тақуалар
- Лопе де Веганың қай пьесасының атауы бірнеше тілде айтылып жүрген қанатты сөзге айналды?
А) «Пішен үстіндегі ит» («Собака на сене») В) «Тапқыр ғашық» («Изобретательная влюбленная») С) «Қой бұлағы» («Овечий источник»)
- Санто-Доминго Эль-Антигуо монастырының алтары үшін салынған мына суреттің авторы кім?
А) Ф.Сурбаран В) Х.Рибера С) Эль Греко
- Мына суреттің авторының шығармашылығына Эскориал монастырында жұмыс істегені көп әсер етті. Ол кім?
А) Х.Рибера В) Ф.Рибальта С) Эль Греко
- Мына суреттің авторы Севильдегі көркемсурет академиясының негізін қалаушылардың бірі болды.
А) Б.Э.Мурильо В) Ф.Гойя С) Ф.Сурбаран
- Мына суретте бейнеленген суретшінің шығармашылығын «суық», «жылы» және «үлпілдеген» деп аталатын үш кезеңге бөледі.
А) Ф.Сурбаран В) Д.Веласкес С) Б.Э.Мурильо
- Бұл әдеби туынды оның авторының жауларына арналған.
А) «Дон Кихот» В) «Менің Сидім туралы жыр» С) «Паскуаль Дуартеңің отбасы»
- Мына суреттің авторын «ұлы күйретуші» деп атаған.
А) П.Пикассо В) Ф.Гойя С) С.Дали
- Мына суреттегі мұнара сәулет өнеріндегі қандай стильдің бір үлгісі болып табылады?
А) мудехар В) мануэлино С) помбалино
- XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында испан ұлттық музыка мәдениетінің қайта жаңғыруына ықпал еткен Испаниядағы мәдени-саяси қозғалыс.
А) Ренасимьенто В) Комунерос С) Реконкиста
- Композитор Э.Гранадосты ортақ атаумен бірнеше музыкалық туынды шығаруға шабыттандырған қай испан суретшісінің шығармашылығы?



- Ф.Гойя В) Д.Веласкес С) Эль Греко
- Орыс жазушысы И.Тургеневтің жүрегін жаулаған испан әншісі кім? Жазушы оған «Мен болмай қалған кезде...» деген прозамен жазылған өлең арнаған.
А) М.Малибран В) В. де Лос Анхелес С) П.Виардо
- Испан патшайымы II Изабелла өнеріне тәнті болып, итальян шебері А.Страдиваридің жасаған аспабын сыйлаған музыкант кім?
А) П.Казальс В) А.Сеговия С) П.Сарасате
- Испан гитарисінің мына портретінің авторы, француз импрессионист суретшісі кім?
А) Э.Дера В) Э.Мане С) О.Ренуар



- М.Равельдің шығармашылығында симфониялық сипат алған испан биі.
А) Фламенко В) Болеро С) Сарабанда

ТАРИХ

- Рим қолбасшысы Квинте Серторий тұсында Иберияның астанаы болған қала.
А) Толедо В) Мадрид С) Уэска
- Таяу Испания рим провинциясында б.з.д. 181 жылы жазда басталған соғыстар топтамасы тарихта қандай атпен белгілі?
А) Кельтиберск соғыстары В) Кантабрийск соғыстары С) Лузитанск соғыстары
- Испанияда туып-өскен рим императоры кім?
А) Тиберий В) Диоклетиан С) Траян
- Реконкистаның басы болған оқиға.
А) Ковадонга түбіндегі шайқас В) Трафальгар шайқасы С) Кордова эмиратының негізінің қалануы
- Р.Бонифас Испания тарихында тұңғыш кім ретінде танымал?
А) адмирал В) маршал С) канцлер
- Ресми құжаттарда тек португал тілін қолдануды бұйырған король әрі атақты ақын кім?
А) II Саншу В) I Диниш С) I Педру
- VIII-XV ғасырларда Пиреней жартылай аралындағы маврлар басып алған жерлерді қайтарып алу дәуірі қалай аталады?
А) Ренасимьенто В) Реконкиста С) Рисорджименто
- Барселона графы деп жарияланған француз королі кім?
А) XIII Людовик В) IV Генрих С) II Франциск
- Португалия королі VI Афонсу II Педроның пайдасына патшалық құрудан бас тартқасын қайда жер аударылды?



- А) Азорск аралдарына В) Мадейра аралына
С) Канар аралдарына

40. Король II Филипп қандай әулиеге арнап шіркеу мен Эскориал король резиденциясын салуды бұйырды?

- А) Әулие Иаков В) Әулие Лаврентий С) Әулие Павел

41. «Жеңімпаз армада» жорыққа қандай мақсатпен аттанды?

- А) Англияны жеңу үшін
В) жаңа жерлерді ашу үшін
С) Түркияны басып алу үшін

42. Д.Веласкестің мына суретінде бейнеленген Дон Педро де Барберана қандай рыцарлік орденнің мүшесі болды?

- А) Сантьяго
В) Калатравы
С) Алькантара



43. 1801 жылғы Испания мен Францияның Португалияға қарсы қысқа мерзімді әскери қақтығысы қалай аталады?

- А) Пиреней соғысы
В) Апельсин соғысы
С) Португал-кастилия соғысы

44. Генерал Ф.Франко басқарған тұста нені «Испан фалангасы» деп атады?

- А) саяси партияны
В) әскердің бір бөлігін
С) әскерлерді орналастыру тәртібін

45. XVII ғасырдың 90-жылдарының соңында король II Педру португалдық кортестерді қандай мақсатпен шақырды?

- А) Тақтың сабақтастығы туралы заңды өзгерту
В) II Филиппті жаңа король деп тану үшін
С) Теңге түріндегі қымбат металлдардың мәнін өзгерту

КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ

46. Испаниядағы дәстүрлі адамның бұқамен күресіндегі басты кейіпкер қалай аталады?

- А) Пикадор В) Матадор С) Гаучо

47. Испандықтардың ұрмалы музыкалық аспабының атауы қандай ағаштың жемісінің атымен байланысты?

- А) Емен В) Талшын С) Үйеңкі

48. Қайсысы Барселонаның кафедралды соборы болып табылады?

- А) Әулие Отбасылар ғибадатханасы
В) Альмуден соборы
С) Әулие Крест пен Әулие Евлалий соборы



49. Аңыз бойынша, король X Альфонсо айтқан сөз «No me ha dejado» Испанияның қай қаласының гербінде жасырылған?

- А) Севиль В) Мадрид С) Кордова

50. Испанияның солтүстігі мен Францияның оңтүстігінде басымырақ сөйлесетін бұл тіл оқшауланған тіл болып табылады.

- А) Баск тілі В) Галисий тілі С) Аран тілі

51. Фанданго, тона және севильяна – қандай би жанрының түрлері болып табылады?

- А) Фаду В) Фламенко С) Сарабанда

52. Португалия университеттерінде қалыптасқан студенттік дәстүр.

- А) ленталарды өртеу
В) түн ортасындағы таңғы астар
С) Әкеге арналған сәлемдеме

53. Фламенко әуеніндегі негізгі ерекшеліктердің бірі болып табылатын гитарада ойнау тәсілі қалай аталады?

- А) Флажолет
В) Пульгар
С) плектрмен ойнау

54. Алғашында «Түстіктегі бекет» деп аталған, Испаниядағы ең ірі сапаржайлардың бірі.

- А) Барселонадағы Сантс
В) Мадридтегі Аточа
С) Малагадағы Мариа Замбрано

55. Өлшегіш құралдардағы көмекші сызық қандай португалдық ғалымның атымен аталған?

- А) П.Нүниш
В) Б.Диаш
С) Ф.Магеллан

56. Мына суреттегі аңызға айналған алыптың мүсіні Лиссабондағы Санта Катарина көрме алаңында орнатылған. Бұл кімнің мүсіні?

- А) Адамстор
В) Антей
С) Голиаф



57. Куэнки археологиялық мұражайы қай ғимаратта орналасқан?

- А) Әулие Мартиннің Приходтық үйі
В) Y Филипптің резиденциясы
С) Әулие Кресттің сарайы

58. 1906 жылы жүйке жүйесінің құрылымы жөніндегі жұмыстары үшін Нобель сыйлығын алған испан ғалымы.

- А) Э.Муниш
В) В.Алейсандре-и-Мерло
С) С.Рамон-и-Кахаль

59. Андорра княздығында және Балеар аралдарында испан тілімен қатар ресми тіл болып табылатын тіл.

- А) португал В) ағылшын С) каталан

60. Испаниядағы ең ауқымды мерекелердің бірі болып табылатын жыл сайынғы Кадис карнавалы, әдетте, қай айда басталады?

- А) ақпанда
В) мамырда
С) желтоқсанда

РЕСЕЙ БІЛІМ БЕРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
СОЛТҮСТІК-БАТЫС БӨЛІМШЕСІ
НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
«НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖШҚ

ӘЛЕМДІК КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ БОЙЫНША
ОИЫН САИЫСЫ

АЛТЫН ЖЕЛБЕЛІ



7-8 СЫНЫПТАР

IBERIA PAENINSULA:

«ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТІ ДАЛАЛАРДАН ШЕКСІЗ
ТЕҢІЗДЕРГЕ ДЕЙІН»

21-24 АҚПАН 2014

Сайыс Пиреней жартылай аралын қоныстанған халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналады.

Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет. Жауаптар бланкін толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Қандай да бір түзетулер немесе бұлдіріп алулар ақпаратты қате тануға әкеліп соқтырады.

Толтырылған жауап парағын сайысты ұйымдастырушыға дүйсенбі 2014 жылғы 24 ақпанда тапсыру қажет. Дұрыс жауаптары 2014 жылдың наурыз айында www.runodog.ru сайтында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!